

## ХАКІМ АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМДЫҚ ҰСТАНЫМ

### **ОМАР Базарқұл Қалтайқызы**

ф.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті

Шымкент/Қазақстан

*e-mail*: bom\_48@mail.ru

### **ОМАРОВ Тоғатай Қалтайұлы**

ф.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Шымкент/Қазақстан

*e-mail*: togatai@mail.ru

**Аңдатпа.** *Қазақстанда қазақтың бас ақыны, адамзаттың Абайы атанған, ғұлама-философ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын аталып өтті. Мақалада өміршең шығармаларымен халықтың жүрегінен ойып орын алған хақим Абай мен ізбасар шәкірті Шәкәрім поэзиясында көтерілген адам баласына тән ұлттық құндылықтар: адамның адамдығы, имандылығы, адамгершілік мәселелері мен жағымсыз қасиеттері сөз болады. Қараңғылықтан шығудың жолын көрсетеді, жастарды пайдалы іс атқаруға шақырады, оқуға үндейді. Абай өзінің ақындық мектебінен сусындап өскен бауыры Шәкәрімге де басқа іні-шәкірттеріне де өмірлік ұстанымы болған ғылым мен білімді, адамгершілік қағиданы насихаттап өткен. Ең алдымен, білім алудың, оны ғылыммен ұштастырудың керектігін, ол үшін ерінбей-жалықпай, тек пайда ойламай оқу керектігін түсінген Шәкәрім де осы жолды ұстанғаны баяндалады. Екі ғұламаның да дүниені танып-білуі жөніндегі пайымы мен түсінігі шығармалары арқылы сабақтасып, қалың оқырманның көңілінен шыға білгендері өлеңдерінде лексика-грамматикалық тұлғаларды шебер пайдалана білгендері айтылады. Ағайынды екі ақынның да бойында дүниені танып білудегі білім мен біліктің молдығы, адамгершілік қағидаларының жоғарылығы, сегіз қырлы, бір сырлы, терең ойшыл өнерпаз болғандығы тұжырымдалады. Болашақ ұрпаққа ұлы ұстаз Абайдың, оның шәкірті Шәкәрімнің шығармаларын тереңірек оқып, түсінуге, түйсінуге үндейді.*

**Кілт сөздер:** Абай, Шәкәрім, адамгершілік, өнер алды – қызыл тіл, әкенің баласы емес, адамның баласы.

**Кіріспе.** Тіл – адамзат баласы танымының жемісі, рухани құндылығы. Тіл мен ойлау егіз ұғым. Бұл екеуінің сабақтастығы сөз арқылы көрініс тауып, адамзат игілігіне айналды. Қоғамда адамға қажетті дүниетанымдық ақпараттың бәрі тіл мен ойлаудың, ақыл мен сананың сөз, сөйлеу арқылы жеткен жетістігі. «Өнер алды – қызыл тіл» деп халқымыз бекер айтпаған. Сөз өнерінің озық

үлгілері ғұлама ғалымдар әл Фарабиде, Ж.Баласағұнда, М.Қашқариде, Абайда, Шәкәрімде т.б. тұнып тұр. Ғұламалардың қатары осылай жалғасып кете береді. Абай шығармалары зерттелініп, оқылған сайын оның танылмаған тұстарының мол екенін, терең ұғынып, түйсіну үшін білім мен білік, биік өре қажет екенін көзі қарақты кез-келген оқырман пайымдар. Хакім Абайдың да, Шәкәрімнің де шығармаларына негізінен өздері өмір сүрген қоғамдағы әлеуметтік жағдай, халықтың тұрмыс-тіршілігі, алауыздық, теңсіздік, билікке талас, орыс шонжарларының қысымы, әділетсіздігі т.б. толып жатқан қазақ өмірінің ауыр жолы арқау болған.

**Материалдар мен зерттеу әдісі.** Мақалада XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың Бас ақыны – Абай Құнанбайұлы мен оның шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары қарастырылады. Ондағы тәрбиелік мәні зор адамгершілік, имандылық тақырыбындағы туындылары талданады. Зерттеу барысында белгілі ғалымдардың зерттеу еңбегіне сүйене отырып, ақынның адамгершілік танымы мен оны жеткізудегі әдіс-тәсілі зерделенеді.

**Талдау.** Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың алатын орны зор. Халқымыздың терең дүниетанымы мен философиялық зерделі ойларын қоғаммен, қайшылыққа толы феодалдық жүйемен, адам өмірінің күнгей беттерімен, көлеңкелі тұстарымен байланысты суреттеп, қазақ әдебиетінің классикалық үлгісін жасаған да, оны дамытқан да Абай болды. Қазақ өміріндегі білімсіздікке, надандыққа, пендешілікке, замандастарының ойсыз аңғалдығына ашынған ақын:

*Қалың елім қазағым, қайран жұртым,*

*Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.*

*Жақсы менен жаманды айырмадың,*

*Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың,* – (Абай, 1986: 28) деп жырласа, халқына ғылым-білімді меңгертіп, адал, әділетті жолға бастай алмағанына іштей қынжылып:

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,*

*Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.*

*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,*

*Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма,* – деген өкінішін жасырмайды.

Жүрек түкпіріндегі жұмбағы шешіліп, асыл ойларының орындалуын армандайды (Абай, 1986: 226).

Ғасырымыздың жиырмасыншы жылы адамзаттың ұстазы атанған әл Фараби мен хакім Абайдың меретойлары аталып өтуде. Бұл екі ғұламаның арасындағы рухани байланысты зерттеуді осыдан тура 62 жыл бұрын бастаған, мамандығы кенші бола тұра, әдебиет пен тарих жанашыры, кен мамандығының профессоры, жазушы Ақжан Машанов егде жасқа келгенде, 1994 жылы «Әл Фараби және Абай» деген еңбегін жарыққа шығарады. Еңбекте екі ғұлама арасын байланыстырып тұрған олардың жаратылыстың тылсым заңдылығын түсінудегі,

өмірді түйсінудегі философиялық таным-білігі мен ой-тұжырымдарының сабақтастығы деп біледі. Сенімді дереккөздер арқылы Абайдың да, Шәкәрімнің де Әл Фарабиді оқып, танысқанын, оның шығармаларынан тағылым алғандығын айтады (Машанов, 1994: 10). Біз осы шағын мақалада 175 жылдық мерейтойы үстінде хакім Абаймен шәкірті, бауыры Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясындағы адамгершілік қағидаларын сөз етпекпіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай салған сара жолды жалғастырды әрі дамытты. Абай, Шәкәрім мұраларын зерттеуші ғалым Қ.Мұхаметханов Шәкәрімді Абайдың мұрагерлерінің бірі және бірегейі дей келіп: «Абай шәкірттерінің ішіндегі көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шәкәрім. Ол әрі лирик, әрі эпик ақын және прозаик, ол композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, терең ойшыл әрі бармағынан мөр тамған сегіз қырлы өнерпаз, үлкен мәдениет қайраткері», - деп баға берген (Мұхаметханов, 1992:10).

Қазақ поэзиясына жаңа мазмұн, жаңа түр әкелген Абай болса, сол Абайдың дәстүрін жалғастырған Шәкәрімнің өмірі де, шығармашылығы да қайшылыққа толы болған. Шәкәрім Абай өлеңдерін жас кезінен тыңдап өскен, әр өлеңінің қалай дүниеге келгенін, нені айтқысы келгенін өз көзімен көрген, бар жан дүниесімен сезініп, одан ғибрат алған. Шәкәрімнің ақындық қыры жеті жаста, әкесі өмірден өтіп, қайғырып, мұнайып жүргенде байқалады. Балалықпен өзі езіп өлтірген құртты аяп, шығарған өлеңінен бастап, ұлы ұстазы Абайдың айналасында болып, оның ақындық мектебінен сусындап өседі. Ол біраз уақыт жастықтың желігімен оқу-білімнің қадір-қасиетін кештеу түсініп, «Ғылым таппай мақтанба, пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге, артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», – деген ұстазының ақыл сөзін зердесіне қайта тоқып, ғылым, білім іздеуге құлшына кіріседі.

Зұлымдықтың құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердіұлы 1958 жылы ақталғанымен, шығармаларының жарық көруіне кедергілер көп болғаны мәлім. Ақын 1988 жылы толық ақталып, осы жылы «Жазушы» баспасынан 560 беттік шығармалар жинағы жарық көрді. Ақынның өмірі мен шығармашылығына талдау жасаған Әбділда Тәжібаев пен Шәмшиябану Сәтбаева: «Шәкәрімнің поэзиялық шығармаларының мазмұны бай, тақырыбы әр алуан. Тақырыптық және жанрлық мазмұн тұрғысынан қарасақ, Шәкәрімнің поэзиясында азаматтық лирика да, философиялық лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, ода, элегия, сонет, тарихи баллада, халық өлеңдері түрінде жазылған шығармалар да кездеседі. Бұл жағынан Шәкәрім қазақ лирикасын айтарлықтай жаңғыртып байытты, поэзия мәдениетін дамытты, – деп жазады (Құдайбердиев, 1988:13).

Шәкәрім бір уақ өзінің ел билеу жұмыстарында жүрген уақыттарының босқа өткеніне қапаланады, өз бойындағы кемшіліктерін тізе отырып, өзінің қатар құрбыларының, кейінгі жеткіншектердің ондай пайдасыз, жағымсыз әдеттерден аулақ болуына үндейді:

*Туған елім надан жұрт,*

*Жуандық тағы бір қылқұрт,  
Жетім ерке болып қырт,  
Мансапқа мінген мен бір мас,  
Осы айтылған төрт кесел,*

*Жасымда болды көзге шел,* – деген өлең жолдарындағы *надандық, жуандық, қырттық, мансапқұмарлық* сияқты жағымсыз қасиеттер (Мұхаметханов, 1992: 19) мен Абайдың:

*Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған, болыс болған өнер емес,*

*Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған* (Абай, 1986: 255) және «Ғылым таппай мақтанба» (Абай, 1986: 41) деген өлеңіндегі *өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ* сияқты адамға пайдасы жоқ, жағымсыз қасиеттерден аулақ жүруге үндеген ойы, пайымы, идеясы жағынан үндес, сабақтас деуге болады.

Шәкәрімнің көптеген өлеңдерінде Абайдың қолтаңбасы әр кезде қылаң беріп отырады. Мәселен, лексика-грамматикалық тұлғаларды жандандырып, өң беріп, құбылтып қолдануы жағынан оның Абай мектебінен өткенін байқауға болады. Тілдің көркемдегіш құралдарының ішінде салыстыру мәнін беретін жұрнақтармен теңеу жасау екі ақында да кездеседі. Мысалы, Абайдың: «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (Абай, 1986: 20) атты өлеңінде қолданылған *ақ күмістей, ақ торғындай, тақтайдай, тал шыбықтай* деген теңеулерге ұқсас қолданыстар Шәкәрімде де кездеседі. Ол өзінің 1879 жылы жазған, көркемдік бояуы ерекше «Жастық туралы» деген өлеңінде тілдің бейнелі тәсілі теңеу арқылы көңіл қосқан жастардың сезім күйін тап басып, осы нәзік сезімді тудырған сұлудың көзін *гауһарға, сөзін бұлбұлға, ақылын дарияға, шашын жібекке, жүзін айға, бойын сымға* теңесе, сол сәттегі бозбаланың күйін *сынаптай толқып, түлкідей жортатынын, қырандай қағып, алмастай ағып түсетінін, тұрымтайдай қутыңдап, лашындай құйылатынын* айту арқылы өлеңнің эмоциялық-экспрессивтік бояуы қалыңдап, модалдық реңкі айқындалған. Сөйтіп - *дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары зат есімдерден теңеу мәнді сын есім тудырып, жастық шақтағы әдемі бір кезеңді көз алдына елестетеді (Құдайбердиев, 1988: 26-29).

Қазақтың ұлттық әдеби тілінің қалыптасуын, дамуын зерттеген тілші-ғалым С.Исаев: «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ең таңдаулы ақындарымыз Абай поэзиясының құдіретіне табынып, өз творчествосына үлгі етті. Қазақ поэзиясына, оның тіліне Абай қойған талаптарды түсіне біліп, оған Абайша жауап беруге талпынды. Олар қазақ өлеңінің үлгісі де, өлшемі де Абай поэзиясы деп түсінді... Абайша жырлап, Абайдан үйрену керек деп білді. Сондықтан да олар Абайға еліктеді де, Абайдан үйренді, Абайша ізденді де... Мұндай әсерді көркем сөз шеберлері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев т.б. ақындар творчествосынан көреміз. Олар Абай дәстүрін жалғастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге түр

жағынан түрлендіріп, мазмұн жағынан байытып, дамыта түсуге де ықпал етті», – деп жазады (Исаев, 1989: 171-172).

Шәкәрімнің ұстанған бағыты да, мектебі де Абайдың айналасы, Абайдың тәлім-тәрбиесі болды. Сол себепті ол 21 жасында өз қатар-кұрбыларына арнаған «Жастарға» деген өлеңінде Абайдан үлгі-өнеге үйреніп, тәлім алуға, құлқынның құлы болмай, болашаққа ұмтылуға шақырады:

*Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,*

*Арам айла, зорлықсыз мал табалық,*

*Өтпес өмір, таусылмас мал берерлік,*

*Бір білімді данышпан жан табалық.*

*Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!*

*Қарауылдар мезгіл зой, тұр, қаралық!*

*Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,*

*Жалыналық Абайға, жүр, баралық!*

*Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,*

*Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.*

*Надандықтан еліріп босқа жүрсек,*

*Мына заман көрсетер бізге тарлық!* – деп жырласа (Құдайбердиев, 1988: 31-41).

*Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,*

*Ең болмаса еңбекпен мал табалық.*

*Басында әке айтпаса ақыл жарлық,*

*Ағайын табылмаса ой саларлық.*

*Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,*

*Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық* (Абай, 1986: 33-34), – деп Абайдың жігіт ағасы жасына келгенде «*Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық*» деген өлеңінен Шәкәрім айтқан ойдың қорытындысын, философиялық түйінін көруге болады. Бұл екі өлеңнің айтайын деген ойы, идеясы ұқсас болумен бірге, кейбір сөз қолданыстары, лексика-грамматикалық тұлғаларды пайдалануы жағынан да бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Жоғарыдағы өлең жолдарының соңғы сөзі – *лық, -лік, -алық, -елік* тұлғаларына аяқталып, жастарға, өз тұтастарына аса бұйрық мәнімен емес, тілек, өтініш сияқты ой салады. Қазақ тілінде бұйрық рай формаларының мағыналары аса субъективті болып келеді десек, ол формалардың түрткі я қозғау салу мағыналары сөйлеушінің өз көңіл райына, өз ырқына байланысты туса, амалды орындау, жүзеге асыру тыңдаушыға жүктеледі (Ысқақов, 1991: 318). Профессор М.Оразов қазақ тілінде *-айық, -ейік* қосымшасымен бірге, бірақ әдеби тілде сирек, бұйрық райдың бірінші жақ көпше түрінің қосымшасы ретінде *-алық, -елік* қосымшасы да қолданылатындығын айтқан (Оразов, 2001: 239). Бұл қосымшалардың мағынасы жайлы біраз даулы пікірлер де жоқ емес. Жастарды іске жұмылдыру, қозғау салу, ынталандыру әрекеттерін ақындар *-лық, -лік, -алық, -елік* тұлғаларымен беру арқылы ұйқас бірлігін де сақтайды, өз ойының модальділігін де көрсетеді.

Шәкәрім ұстазы Абай сияқты ел билеген пысықтардың момын елге жасаған қиянатын, паракорлығын үнемі әшкерелеп, олардың бойындағы надандықты, жатып ішер жалқаулықты, екі жүзділікті суреттеуде жағымсыз эмоцияны білдіретін етістіктерді көп қолданады. Мысалы, «Сәнқойлар» өлеңінде:

*Шедірейіп шекиіп,  
Қасын керіп кекиіп,  
Қолдан пішін жасаған,  
Біреу келер секиіп.  
Шырт түкіріп, шынтақтап,*

*Жүз құбылып, қылтақтап,  
Сұлуын-ай шіркіннің  
Дегізбекші жұрт мақтап* – деп (Құдайбердиев, 1988: 100), сырты әдемі, іші былық кейбір кердең надандарды; ал «Ызақорлар» өлеңінде:

*Пиішінің кетер қуарып,  
Аузың, ернің ұзарып,  
Қабаған иттей арсылдап,*

*Дуанадай қалшылдап,* – деп (Құдайбердиев, 1988: 101), ашушаң сабырсыз адамдарды сынайды. Бұл Абай үлгісі, Абайдың «Күлембайға» деген өлеңінде:

*Болыс болдым мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,*

*Шала ұғамын қырындап,* – деп (Абай, 1986: 76), билікке құмар, тек өз мүдделерін ғана ойлайтын феодалдық замандағы билеп төстеушілерге, болыстар мен билерге ащы шындықты беттеріне айтуда етістіктің көсемше түрлерін шебер қолдана білген.

Абай шығармаларының тілін көп зерттеген Р.Сыздықова Абайдың өзіне тән қолтаңбасын танытатын белгілердің бірі деп, экспрессивті бояуы күшті, модалдік реңкі бар сөздерді образды ашу үшін шебер пайдалануы деген баға берген. Бұл Шәкәрімде де бар. Мәселен, Шәкәрім өлеңдеріндегі *шедірейіп, шекиіп, секиіп, шырт түкіріп, жүз құбылып қылтақтап* және *қуарып, ұзарып, арсылдап, қалшылдап*, Абай қолданысындағы *шығындап, тығындап, шыбындап, қырындап* сияқты көсемше етістіктердің семантикасында эмоциялық бояу, модалдік реңк мен мұндалап, көрініп тұр, – деген пікір айтады (Сыздықова, 1984: 221). Көсемшелердің бойындағы осындай ерекшелікті аңғарған әдебиет зерттеушісі З.Ахметов: «Тегі, етістіктердің өткен шақ көсемше тұлғасы қазақ әдеби тілінде белгілі бір поэтикалық міндетті өтейтін құрал ретінде қалыптасқан деуге болады», – деп жазған болатын (Ахметов, 1973: 48).

### **Нәтиже мен қорытынды**

Қорыта келгенде, Абайдың ұстаздық, ақындық мектебінің төл шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы аға мұрасының жалғасы, сақтаушысы әрі қорғаушысы бола білді. «*Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім*» – деп жырлаған ұлы ұстазы Абайдың асыл арманын Шәкәрім ары қарай жалғастырып, өмірінің соңына дейін түркі жұртының, қазақтың көне ауыз әдебиетінің асыл маржандарына, тарихи жырларына ден қойды, шығыстық және еуропа әдебиетінен сусындап, сол үлгіде шығармалар жазды. Бұл – Абай тағылымы. Қос ғұламаның шығармаларын оқу арқылы қазақ қоғамының, қазақ даласының, сол далада өмір сүрген халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, қиын-қыстау тағдыры көз алдына келгендей болады.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, қазақ поэзиясының көркемдік дәрежесін жоғары деңгейге жеткізген Абай мен Шәкәрімнің әлеуметтік қайшылыққа толы өмірі мен шығармашылығын зерттей түсу бізден кейінгі қаншама ұрпаққа азық болары ақиқат.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

Абай. (1986). Ибраһим Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы, Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы». – 301 б.

Ахметов З. (1973). Өлең сөздің теориясы. – Алматы: «Мектеп». – 212 б.

Исаев С. (1989). Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп». – 188 б.

Машанов А. (1994). Әл-Фараби және Абай. – Алматы: «Қазақстан». – 191 б.

Мұхаметханов Қ. (1992). Шәкәрім //Бес арыс (Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар). – Алматы: «Жалын». – 541 б.

Оразов М. (2001). Етістік (грамматикалық формаларының қалыптасуы мен дамуы). Алматы: «Б.Алтынсарин атындағы білім академиясының республикалық баспа кабинеті». – 385 б.

Сыздықова Р. (1984). XVIII-XIXғғ Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп». – 245 б.

Шәкәрім шығармалары. (1988). (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: «Кітап». – 344 б.

Ысқақов А. (1991). Қазіргі қазақ тілі, морфология. – Алматы: «Мектеп». – 381 б.

### **References**

Abay. (1986). Ibrahim Kunanbaev. Eki tomdik shigarmalar zhinagi. [A two-volume collection of works. Poems and poems]. Vol.1. Almaty: Zhazushi7

Ahmetov Z. (1973). Olen sozdin teoriyasi [The theory of verse]. Almaty: Mektep.

Isaev S. (1989). Kazak adebi tilinin tarihi [History of the Kazakh literary language]. Almaty: Mektep.

Mashanov A. (1994). Al-Farabi zhane Abay [Al-Farabi and Abai]. Almaty: Kazakhstan.

Muhamethanov K. (1992). Shakarim. Bes aris (Estelikter, esseler zhane zertteu makalalar) [Shakarim. Five Aris (Memoirs, essays and research articles)]. Almaty: Zhalin.

Orazov M. (2001). Etisrik (gramatikalik formalarinin kaliptasui men damui) [Verb (formation and development of grammatical forms)]. Almaty: Publishing house of the Academy of Education named after Y. Altynsarin.

Syzdykova R. (1984). XVIII-XIX g.g. Kazak adebi tilinin tarihi [History of the Kazakh literary language in the 18-19 centuries]. Almaty: Mektep.

Kudayberdiev Sh. (1988). Shakarim shigarmalari (olender, dastandar, kara sozder) [Works of Shakarim (poems, epics, words of edification). Almaty: Kitap.

Yskakov A. (1991). Kazirgi kazak tili, morfologiya [Modern Kazakh language, morphology]. Almaty: Mektep.

### *Человеческий принцип в поэзии хакима Абая и Шакарима*

#### **ОМАР Базаркул Калтайкызы**

к.ф.н., доцент кафедры «Казахский язык и литература» Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

Шымкент/Казахстан

*e-mail:* bom\_48@mail.ru

#### **ОМАРОВ Тогатай Калтайулы**

к.ф.н., старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература»

Шымкент/Казахстан

*e-mail:* togatai@mail.ru

**Аннотация.** Казахский народ отметил 175-летие великого казахского поэта, мыслителя Абая Кунанбайулы, чьи идеи признаны духовной пищей для всего человечества. В статье рассматриваются национальные ценности, заложенные в поэзии хакима Абая и его последователя Шакарима: человечность, нравственность, духовность, мораль и отрицательные качества. Принципы науки, знания и морали, пропагандируемые Абаем, нашли продолжение не только в творчестве яркого представителя абаевской школы поэзии Шакарима, но и других последователей. В статье особое место уделено Шакариму – приверженцу абаевских взглядов на образование и науку, который ставил выше всего желание учиться и получать знания не для личной выгоды. Выразить особое видение и понимание окружающего мира в своем творчестве и удовлетворить широкий круг читателей оба мыслителя смогли за счет мастерски использование лексико-грамматических фигур. В статье утверждается, что оба поэта, являясь родственниками, обладали как обширными знаниями и познаниями в изучении окружающего мира, так и высоким уровнем моральных принципов, были разносторонними личностями с особыми философскими взглядами на мир. Автор статьи призывает юное поколение читать, понимать и постигать произведения великого учителя Абая и его ученика Шакарима.

**Ключевые слова:** начало искусств – красное слово (красноречие), не сыном отца, а сыном человечества.



*The human principle in the poetry of hakim Abay and Shakarim*

**OMAR Bazarkul Kaltaykizi**

Candidate of philological sciences, Associate Professor of Department of Kazakh language and literature, South Kazakhstan State Pedagogical University  
Shymkent/Kazakhstan  
*e-mail:* bom\_48@mail.ru

**OMAROV Togatay Kaltayulu**

Candidate of philological sciences, Senior lecturer of Department of Kazakh language and literature, South Kazakhstan State Pedagogical University  
Shymkent/Kazakhstan  
*e-mail:* togatai@mail.ru

**Abstract.** *The Kazakh people celebrated the 175th anniversary of the great Kazakh poet, thinker Abai Kunanbayuly, whose ideas are recognized as spiritual food for all mankind. The article examines the national values inherent in the poetry of Khakim Abai and his follower Shakarim: humanity, morality, spirituality, morality and negative qualities. The principles of science, knowledge and morality, promoted by Abay, found a continuation not only in the work of the outstanding representative of the Abayev school of poetry Shakarim, but also in other followers. In the article, a special place is given to Shakarim, an adherent of Abayev's views on education and science, who put above all the desire to learn and gain knowledge not for personal gain. Both thinkers were able to express a special vision and understanding of the world around them in their work and satisfy a wide range of readers due to the skillful use of lexical and grammatical figures. The article argues that both poets, being relatives, possessed both extensive knowledge and knowledge in the study of the world around them, and a high level of moral principles, were versatile personalities with special philosophical views of the world. The author of the article encourages the young generation to read, understand and comprehend the works of the great teacher Abai and his student Shakarim.*

**Keywords:** *the beginning of the arts-the red word (eloquence), not the son of the father, but the son of humanity.*